

**Қайранов Е.Б.,\* Байсынов С.Қ., Жунисбаев М.С.**

философия докторы (PhD), Т. Жүргенов ат. ҚазҰӨА доценті, Алматы қ., Қазақстан  
Т.Жүргенов ат.ҚазҰӨА 6М041500-«Мүсін» мамандығының 2-курс магистранты,  
Алматы қ., Қазақстан

Т.Жүргенов ат.ҚазҰӨА профессоры, «Кұрмет» орденінің иегері, Алматы қ., Қазақстан

**ҚАЗАҚСТАННЫҢ МҮСІН ӨНЕРІНДЕГІ  
ТҰҢҒЫШ ҚАЗАҚ КӘСІБИ МҮСІНШІ ХАКІМЖАН НАУРЫЗБАЕВ  
ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНЫҢ ОРНЫ**

Автор корреспондент: [er.kb.oner@mail.ru](mailto:er.kb.oner@mail.ru)

**Түйін:** Мақалада тұңғыш қазақ кәсіби мүсіншісі Х.Е. Наурызбаев шығармашылығының Қазақстан мүсін өнеріндегі орны қарастырылады. Мемлекеттік «Ұлы даланың 7 қыры» бағдарламасының мақсаттарына сәйкес Қазақстандағы алғашқы монументалды ескерткіштердің бірі болып келетін Х. Наурызбаевтың туындылары отандық классикалық өнер мұрасы ретінде зерттеледі. XX ғасырда ұлттық қайраткерлерге орнатылып ұмытыла бастаған монументалды ескерткіштер заманауи жас ұрпақтар мен шетелдік қонақтарға тарихты жаһандандудың жаңа көзқарасымен насихаттау тұрғысында талданады. Және де, отандық жоғары кәсіби мүсін мектебінің қалыптастып дамуына қосқан оның үлесі қозғалады.

**Кілттік сөздер:** тұңғыш кәсіби мүсінші, монументалды ескерткіш, ұлттық тұлғалар, мемлекеттік бағдарлама, отандық өнертанушылар, бейнелеу өнері.

Қазақстандағы кәсіби мүсін өнерінің жүйелі түрде дамуы XX ғасырдың 50-ші жылдарынан бастайды деуге болады. Оған дейін, бейнелеу өнерінің алғашқы үдерісі кәсіби шығармашылық ортаның, яғни Ұлы Отан соғысы кезінде Кеңестік Одағының орталық қалаларынан эвакуацияланған суретшілер өз еңбектерімен Қазақстандағы мүсін өнерінің қалыптасуына әсер еткені белгілі. 2001 жылы жарық көрген «Қазақстан бейнелеу өнері. XX ғасыр» альбомында: «1957 жылы Алматыда Қазақстан мүсін өнерінің тұңғыш көрмесі өткізілді және экспозицияның нақты бір тұжырымдамасы болмаса да, бұл көрме қазақстандық мүсін өнерінің 10 жылдық қорытындысын шығарды. Оған қатысушылардың арасында мүсіншілердің аға буын өкілдері - Я. Кучис, И. Николишин, З. Береговая және Х.И. Наурызбаев болды» - деген мағлұмат бар [1, 158 б.]. Осы кездерден бастап еңбектене бастаған алғашқы мүсіншілердің бірі, қазақтың тұңғыш кәсіби мүсіншісі Хакімжан Наурызбаев өзінің табиғи дарындылығы мен еңбекқорлығының арқасында, шығармашылық өмірінің соңына дейін қазақтың алғашқы суретшісі Әбілхан Қастеев сияқты, туған елінің мәдениетін өркендетуге тынбай еңбек еткенін көптеген жариялымдардан білеміз. Оның шығармашылық нәтижесі - ұлттық кәсіби мүсін өнерінің негізін қалауы ретінде 300-ден астам мүсіндік туындылары мұра болды.

Ресми ақпарат көздеріне сүйенсек, «Наурызбаев Хәкімжан Есімханұлы (1925 - 2009 жж.) – қазақтың тұңғыш кәсіби мүсіншісі, 1951 жылы Украинадағы Харьков қаласы көркемөнер институтының түлегі, 1951 жылдан бастап КСРО СО мүшесі, 1969 жылдан - ҚазКСР Халық суретшісі, ҚазКСР өнерінің еңбек сіңірген қайраткері, Ш. Уалиханов атындағы Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, «Тарлан» сыйлығының иегері, «Парасат» орденінің кавалері, ҚР ЖАК профессоры. Туған жері - Қостанай облысы, Меңдіқара ауданы, Ұзынкөл ауылы, 1952-54 жылдары Қазақ КСР Суретшілер одағы басқармасының төрағасы. 1961-65 жылдары Лениндік сыйлықтар комитетінің, 1959-65 жылдары және 1973 жылдан КСРО Суретшілер одағы басқармасының мүшесі» [2].

2018 жылы жарияланған Қазақстан тұңғыш Президенті Н.А. Назарбаевтың «Ұлы даланың 7 қыры» бағдарламалық мақаласындағы – «II. Тарихи сананы жаңғырту» тарауының «2. Ұлы даланың ұлы есімдері» тараушасында – «...атақты тарихи тұлғаларымыз бен олардың жетістіктерінің құрметіне ашық аспан астында ескерткіш-мүсіндер қойылатын «Ұлы даланың ұлы есімдері» атты оқу-ағарту энциклопедиялық саябағын ашуымыз керек. Екіншіден, мақсатты мемлекеттік тапсырыс ұйымдастыру арқылы қазіргі әдебиеттегі, музыка мен театр саласындағы және бейнелеу өнеріндегі ұлы ойшылдар, ақындар және ел билеген тұлғалар бейнесінің маңызды галереясын жасауды қолға алу қажет» - делінген [3].

Осы мақсаттарға сәйкес қазақтың белгілі суретшісі Ә. Қастеевтің еңбектері кеңінен насихатталуы сияқты, қазақтың тұңғыш кәсіби мүсіншісі Х. Наурызбаевтың да еңбектерін насихаттау өзекті деп санаймыз. Себебі, Қазақстанның қоғамдық ортасында өткен ғасырдың екінші жартысында монументалды ескерткіштердің алғашқылары болып келетін оның туындылары қазіргі ХХІ ғасырдағы жаһандану дәуірінде еліміздегі классикалық өнер үлгісі ретінде жаңа көзқараспен зерттеу маңызды болып келеді. Сонда, тәуелсіздік кезеңінде тұрғызылған ескерткіштерді ғана емес, сонымен қатар, кеңестік кезеңдегі ұлттық қайраткерлердің ұмыт болып бара жатқан осындай монументалды ескерткіштері, заманауи жас ұрпақтар мен шетелдік қонақтарға терең тарихымыздың бір көрінісі ретінде де еске түсіріп қойған абзал болар.

Х. Наурызбаев білімін шыңдап жүрген сәттен бастап халқымыздың ұлы тұлғаларының монументтерін жасауға өзіне мақсат қойған. Сөйтіп, тарихи тұлғалармен қатар қарапайым замандастарын, соның ішінде, металлург, шопан және диқаншылардың портреттерін де жасаған. Мүсінші 1960 - 1961 жылдары портреттік сериясын жасауда өз еліміздің ерекшелігін көрсетуді тырысты. Мысалға айтсақ, «ұлттық тарихи тұлғалар портреттерінде кейіпкерлердің жан дүниесін терең де жан-жақты ашты. Ол – Құрманғазы Сағырбайұлы, Дина Нұрпейісова, Ахмет Жұбанов, Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов, Мәншүк Мәметова, Сералы Қожамқұлов, Кәмшат Дөнентаева, М. Алтынбаева, социалистік еңбек ерлері Н. Алдабергенов, Қ. Досанов, Б. Шаяндин, Д. Серіков және т.б.» [4].

Х. Наурызбаевтың жоғары сапалы кәсіби академиялық білімінің арқасында қазақ халқының танымал батырлары, ғалымдары, жазушыларының көптеген мүсіндері бүгінгі күні классикалық үлгіге айналып отыр деуге болады. Мүсіншінің жобасымен республикамыздың көптеген қалаларында монументалды ескерткіштері мен мүсіндік бюсттер 1950-1990 жылдар аралығында бой көтерген. Соның ішінде, атап айтсақ: «Н. Алдабергенов» бюсті (Алматы обл., 1959 ж., сурет № 1), «Абай» ескерткіші (Алматы қ., 1960 ж., сурет № 2), Амангелді Иманов ескерткіші (Қостанай обл., 1960 ж., сурет № 4), «Жамбыл» ескерткіші (Тараз қ., 1963 ж., сурет № 5), «Шоқан» ескерткіші (Алматы қ., 1969 ж., сурет № 6), «Жамбыл» бюсті (Алматы қ., 1971 ж., сурет № 7), «Мәншүк Мәметова» ескерткіші (Орал қ., 1988 ж., сурет № 8) және т.б.

Шығармашылық жолының деректері бойынша, Х. Наурызбаев ұлттық тұлғаларға арналған мүсіндік зерттеулерін алғаш рет 1947 жылы халық батыры, қазақ халқының 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісін ұйымдастырушылардың бірі Амангелді Имановтың бейнесін жасаудан бастаған. Соның бірі, көптеген ізденісінің бастамасы ретінде 1950 ж. гипстен жасалған портреттік туындысы болып келеді (Қостанай облыстық тарихи-өлкетану мұражайы, сурет № 3). Кейін, 1960 жылы Х. Наурызбаев жасаған Амангелді Имановтың ескерткіші батырдың туған жерінде орнатылады [5].

Мүсінші Х. Наурызбаевтың шығармашылық жолын саралап қарасақ, қоғамдық ортада орнатылған алғашқы кәсіби ескерткіштерінің бірі – 1959 жылы Алматы облысы Ескелді ауданындағы «Нұрмолда Алдабергенов» бюсті (сурет № 1). Ресми деректер бойынша, **Нұрмолда Алдабергенов – «ауыл шаруашылығы өндірісін ұйымдастырушы, қоғам қайраткері, екі мәрте Социалистік Еңбек Ері (1948 ж., 1958 ж.), екі рет Ленин және Еңбек Қызыл Ту ордендерімен, 6 рет Халық Шаруашылығы Жетістіктері Көрмесінің Үлкен Алтын медалімен марапатталған» тұлға болып келеді [6]. Қазақ даласының осындай әйгілі қайраткерлері Нұрмолда Алдабергенов пен Тұрар Рысқұловтың кездесу тарихына тоқтала кетсек. Жетісу газетінің тілшісі Н. Бектемірованың «Аңыз бен ақиқат. Тұрар Рысқұловтың сыйлығы» тақырыбындағы мақаласында: «Айнабұлақ стансысында екі жақтан салынып келе жатқан теміржол 1930 жылдың 28 сәуір күні түйісіп, салтанатты жиын өткізілген. Осы жиынға сол кездегі Ресей Федерациясының Совнарком төрағасы болып қызмет атқарған Тұрар Рысқұлов қатысып, қазақ елінің ертеңі, жарқын болашағы туралы жалынды сөздерін қалың жұртқа арнаған екен. Осындай ғұлама адамның қолынан Нұрмолда да ерен еңбегі үшін арнайы сыйлық алған» - деп Н. Алдабергеновтың кезекті марапатталу сәті көрсетілген [7].**

Ал, енді қазақтың әйгілі тұлғасы Т. Рысқұловқа тоқтала кетсек, оған арналып қойылған басқа да мүсіншілердің монументалды және бюсттік ескерткіштері баршылық. Соның ішінде, Алматы қаласы - Абылайхан мен Айтеке би көшелері қиылысындағы «Атақты қайраткерлер аллеясындағы» бюсті (1987 ж.), Тараз қаласы - Абай даңғылында орналасқан қалалық саябақ алдындағы ескерткіші (1994 ж.), Алматы қаласы - «Нархоз» университетінің алдындағы бюсті (2001 ж.), Жамбыл облысы - Т. Рысқұлов ауданындағы Құлан аулының ескерткіші (2002 ж.), Шу қаласы - теміржол станциясындағы бюсті (2006 ж.), Шымкент қаласы - Жібек жолы мен Т. Рысқұлов көшелерінің қиылысында орналасқан Т. Рысқұлов аллеясындағы ескерткіші (2009 ж.), Мәскеу қаласы - Покров бульварындағы мемориалды тақтасы (РФ, 2011 ж.), Түркістан облысы – Түлкібас теміржол станциясындағы «Тұрар Рысқұлов пен Мұхамеджан Тынышбаев» ескерткіші (2018 ж.), Түркістан облысы - Түлкібас ауданының Т.Рысқұлов ауылы Әкімдігінің алдындағы ескерткіші (2018 ж.).

Сондықтан, бүгінгі «Ұлы даланың 7 қыры» мемлекеттік бағдарламасы бойынша «Ұлы даланың ұлы есімдері» жобасын жүзеге асыру барысында ХХ ғасырдың еліміздегі қоғамдық, саяси және мемлекеттік қайраткері - Тұрар Рысқұлов еңбектерінде жан-жақтылы зерттеу өзектілі. Осыған сәйкес, 2019 жылдың 12 желтоқсанында М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінің Шымкент қаласы әкімдігімен бірлесіп, Тұрар Рысқұловтың 125-жылдығына орай «Қазақ елінің ұмытылмас ұлы тұлғалары» халықаралық ғылыми конференциясы өткізілуі ұлттық тарихымызды насихаттайтын маңызды іс-шара болып келеді.

Мақаланың негізгі тақырыбына оралсақ, Қазақстан бейнелеу өнерінің тарихи тұлғасы Х. Наурызбаевтың шығармашылығы жөнінде өнертанушылардың арнайы іргелі немесе қолданбалы ғылыми еңбектері, және де, диссертациялық зерттеулер кітапханаларда кездеспесе де, кейбір туындылары туралы жазылған сипаттамалар, басқа да мүсіншілер мен суретшілердің шығармалары туралы топтамалар ұсынылған. Атап айтсақ: 1) Кумарова, С. Резцом ваятеля для народных университетов культуры, Алма-Ата: «Казахстан». – 1974 ж.; 2) По залам государственного музея Казахской ССР. Алма-Ата: «Жалын». - 1976 ж.; 3) Сарыкулова, Г.А. Выставка работ Художников Казахстана. / Алма-Ата: «Наука». - 1977 ж.; 4) Бодрова, М.Л. Выставка произведений художников Казахстана А. Степанов, Н.Гаев, Х. Наурызбаев. / каталог. - Москва: «Советский художник». - 1983 ж.; 5) Елеуенова, Г. Қазақстан бейнелеу өнерінің шеберлері Х. Наурызбаев. / Альбом. - Алма-Ата: «Өнер». - 1987 ж.; 6) Қазақстан бейнелеу өнері. ХХ ғасыр = Изобразительное искусство Казахстана. ХХ век: Фотоальбом / Текст К. В. Ли; Аударған Д. Т. Базарбаева; Фот. А. Н. Рипинский. - Алматы: Атамұра, 2001 ж.; 7) Қазақ өнері: 5-томдық. Т. V: Мүсін. – Монументальді сәндік өнер / альбом. – Алматы: Елнұр, 2013 ж., және т.б.

Осыдан анықтағанымыз, Х. Наурызбаевтың шығармашылығы жайлы арнайы зерттеулерден 1987 жылы жарияланған отандық өнертанушы-ғалым Г. Елеукуенованың «Қазақстан бейнелеу өнерінің шеберлері Х. Наурызбаев» альбомы бар екен. Ол альбомда зерттеуші келесі сипаттамалар келтіреді: «Х. Наурызбаевтың творчествосы мүсіншінің өзінше даралығын сақтай отырып, бәрін парасатты сом мінезді, адамның рухани сұлулығын жырлауға, бағындыруға ұмтылысын дәлелдейді. Суреткердің өміршең реализімі өзінің дүние танымының, көркемдік мұраттарының тұрақтылығын көрсететін портреттік жанрда ерекше толық тұлғасымен көзге түсті. Ол қырық жыл бойы нәзік психологизммен, мінезді терең ашатын, автордың даралығын тайға таңба басқандай айқын көрсететін образдардың кең галереясын жасады» [7].

Мүсінші өзінің табиғи еңбекқорлығымен тарихи тұлғалардың образдарын сомдау кезінде ғылыми зерттеушілігі мен іздемпаздығының нәтижесінде ғана сапалы өнер туындыларына қол жеткізіп отырған. Мысалы, қазақ халық поэзиясының әйгілі жырау, жыршысы Жамбыл Жабайұлының бірнеше образдық бейнесін жасайды. Соның арқасында, Ө. Қастеев Мемлекеттік өнер музейінде сақтаулы тұрған «Жас Жамбыл» станоктік мүсіні (сурет № 9), Тараз қаласындағы «Жамбыл» монументалды ескерткіші, Алматы қаласындағы «Жамбыл» бюсті, Алматы облысы Жамбыл мұражайындағы «Ат үстіндегі Жамбыл» станоктік мүсіні секілді туындылары бүгінгі күні Қазақстан бейнелеу өнерінің мұрасы болуда.

Осындай шығармаларының қалай дүниеге келуі жөнінде өнертанушы Г. Елеукуенованың ой-пікірінен белгілеп кетуге болады: ««Жас Жамбыл» композициясы Наурызбаевтың жанрлық мүсінге қалам тартуының бір үлгісі. Ақынның жастық шағына қызығуы тегін емес.

Бұл Х. Наурызбаевтың өзінің де творчестволық тәжірибе жинақтап, өмірден байқағандарын, білгендерін көңілге түйіп, ақынға байланысты жайлардың бәрін қалт жібермей, зерттеп жүрген жас кезі еді. Мүсінші осы тұста жинақталған материалдың Жамбыл образын сомдауға баға жетпес бастау, жаңа шығармалар жасауға тірек болғанын қазірде жиі айтады. Жамбылдың елінде Наурызбаев адамдардың мінезін, типін, ақынның балалары мен немерелерінің кескін келбетін зерттеді. Автор документтерге, алған әсері мен салған суреттеріне өзінің ақын жөнінде түсініктерін қосты. Автор кейіпкеріне сүйсіне қарайды: бала жігіт кең - байтақ даласында домбыра тартып келеді. Шабытты кескіні, еркін де батыл қимылы, шынайы болмысы жетіліп келе жатқан жайсаң жастың ішкі қайратын көрсетеді. Осы образ арқылы автордың болашақ күрескер ақын бейнесін көрсетпек ниеті сайрап тұр. Мүсінде кейіпкердің бет әлпеті мен киімінің тәптіштеле өңделуі жалаңдық пен шашырандылыққа соқтырмайды. Образ тұтас жаралған сом тұлға. Сұлу силуэтті композиция кеңістікке алуан түрлі әсер береді» [6].

Ал соңғы жылдары жарық көрген Х. Наурызбаев шығармашылы туралы мақалалар мен сұхбаттар әртүрлі журналдар мен газеттерден, және интернет желісінде кездеседі. Соның ішінде, 2014 жылы шәкірттерінің бірі мүсінші, ҚР СО мүшесі, ҚР мәдениет қайраткері Тілеуберді Бинашев әйгілі мүсіншінің туған жеріндегі «Қостанай таңы» газетінің тілшісіне берген сұхбатында: «— Сізге Хакімжан ағаның қай қасиеті айрықша қастерлі? — деген сұраққа — «Қарапайымдылығы мен қайырымдылығын. Ол кісі ешқашан бірінші мүсіншімін, мен халық суретшісімін деп кеуде қаққан емес. Маған үнемі «екеуміз ұқсаспыз, екеуміз де ауылда жалаң аяқ топырақ басып, ауылдың табиғатында өстік» - деп айтып отыратын. Ешкімге жамандық ойламайтын, біреудің сыртынан сөз айту дегенді білмейтін жайдарлы кісі болатын. Қай жерде жүрсе де күліп жүретін. «Лениндік сыйлықтын» комиссия мүшесі болғандықтан, «Мен қалай аламын, комиссия мүшесімін ғой, басқалар алсын» - деп бас тартқан. Басқа кісі болғанда алып кетер еді. Осыдан-ақ ол кісінің қаншалықты қарапайым болғаны белгілі. «Сен тұңғыш мүсіншісің ғой, неге бас тартасың» - деп қазақтың ұлы жазушысы Мұхтар Әуезовтің ренжігені де бар» [4].

Алматы қаласы Мемлекеттік орталық архивіндегі мәліметтерге келсек, Х. Наурызбаевтың еңбек жолы бойынша кейбір нақты мәліметтер бар, ол: «1951 – 1964 жж. - Алматы көркемсурет училищесінде оқытушы, 1952 ж. – сол оқу орнында тұңғыш рет мүсіншілер үйірмесін ұйымдастырды, 1980 – 1985 жж. - аға оқытушы, 1982 – 1985 жж. - Алматы сәулет-құрылыс институтында (қазіргі Қазақ бас сәулет-құрылыс академиясы) аға оқытушы, 1985 жылдан бастап - Алматы театр-көркемсурет институтында (қазіргі Т. Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы) кафедра меңгерушісі; 1993 жылдан бастап профессор қызметінде жұмыс жасады» [8].

Ол қайталанбас өнер туындыларын сомдаумен бірге өзінен кейін қазақ өнерін жалғастырып дамытатын кәсіби мамандар - белгілі мүсіншілер, көптеген дарын иелерін тәрбиелеп шығарған ұстаз екенінде белгілеп кету керек. ҚР Мемлекеттік орталық архивінен «Мүсін» кафедрасының негізін қалау барысында профессор Х.Е. Наурызбаевтың 1980-ші жылдары жасаған бірнеше оқу бағдарламалары мен оқу-әдістемелік нұсқаулары туралы маңызды мәліметтер кездеседі. Соның ішінде, 1982, 1985-1986 жылдары жасаған «Мүсін» пәні бойынша жұмыс оқу бағдарламасы, сурет пәнінен емтихандық тапсырмаларға әдістемелік нұсқаулар, және оларды орындаудың талаптары мен бағалау критерийлері мен нормалары секілді көптеген мағлұматтар кездеседі.

Ұлағатты ұстаз, профессор Х. Наурызбаевтың дарынды шәкірттері көп болған, соның ішінде: Алматы көркемсурет училищесінен (қазіргі О.Тансықбаев ат. Алматы сәндік-қолданбалы өнер колледжі) - Б. Төлеков, Т. Досмағамбетов, Т. Бинашев болса, Т.Жүргенов атындағы қазақ ұлттық өнер академиясынан - Ғ. Ахметов, Н. Исабаев, Б. Жуасбаев, және т.б. кәсіби мүсіншілер елімізде танымал болуда. Бүгінгі күні, Алматы қаласының Алатау ауданындағы бір даңғылға Х. Наурызбаев есімі берілген. Көп шәкірттерінің бірі, белгілі мүсінші, ҚР СО мүшесі, ҚР мәдениет қайраткері Тілеуберді Бинашевтың орындалуымен әйгілі мүсіншінің туған өңірі Қостанай қаласында 2019 жылдың тамыз айында Хакімжан Наурызбаевтың бюсттік ескерткіші (сурет № 10) орнатылып ашылған.

Қорытындылай келе, Х. Наурызбаевтың туындылары Қазақстандағы алғашқы монументалды ескерткіштердің бірі болып отандық классикалық өнер мұрасына айналды деп айтуға болады. Себебі, бүгінгі жаһандану дәуірінде әлемдік мәдениеттің көптеген ағымдары әсерімен отандық мүсін өнерінде де заманауи беталыстар болып жатқаны белгілі. XX ғасырда академиялық мүсін өнері кеңінен дамыса, XXI ғасыр басындағы әртүрлі жаңа бағыттар, соның ішінде, стимпанк, кинетикалық мүсін, көркемдік инсталляциялар, паблик-арт пен стрит-арт сияқты арт-шаралар халықаралық фестивальдар мен симпозиумдар шеңберінде ұйымдастырылып өткізілуде. Бұл жаңалықтар отандық көрерменге өзінің жаңашылдығымен қызықты әрі жұмбақты болып жатыр. Дегенмен, мемлекеттік «Мәдени саясат» тұжырымдамасында белгілеп көрсетілгендей, жастарымыз шетелдік құндылықтарға бой ұрып еліктеушілік басым болуда. Нәтижесінде, ұлттық руханилықтың таяздануы ерекше байқалады делінсе артық болсақ. Әрине, Қазақстанның тәуелсіздік кезеңінде көптеген ұлттық қаһармандар мен тарихи оқиғаларға арналған мүсіндік ескерткіштер мен монументалды кешендер тұрғызылды. Басым көпшілігі олардың кәсіби мүсіншілердің арқасында сапалы өнер нысандарына айналды.

Десекте, соңғы жылдары сынға шыдамайтын сапасыз мүсіндік ескерткіштер пайда болуы жиі кездесе бастағанын интернет желісінен де байқауға болады. Және де, кез келген ескерткіштердің ресми ашылу рәсімінде орындаған мүсіншінің аты-жөні айтылмағандықтан, бұқаралық ақпараттардың жаңалықтар беттерінде жазылмауы, автордың белгісіз болып қала беруі әдетке айналды. Сол себепті, сапалы мүсін үлгісі ретінде - XX ғасырда ұлттық қайраткерлерге орнатылған, бірақ өкінішке орай, ұмытыла бастаған мүсіндік ескерткіштерді, әсіресе қазақтың тұңғыш кәсіби мүсіншісі Х. Наурызбаевтың туындыларын жаһандану тұрғысынан жаңаша көзқараспен насихаттау қажет деп санаймыз. Және де, оның отандық жоғары кәсіби мүсін мектебінің қалыптастып дамуына қосқан үлесі де өте зор.

Заманауи қоғам қазақ халқының тұңғыш суретшісі Әбілхан Қастеев деп білсе, қазақтың тұңғыш кәсіби мүсіншісі Хакимжан Наурызбаев деп кеңінен таныстырып, ұмытыла бастаған ортаға есіне түсіру артық болмас. Сол арқылы қазақ халқының әлемдік мәдениет қазынасы дамуына қосқан үлесін ұлғайту жолында дүниежүзілік деңгейде дәріптей беруіміз абзал.

#### **Әдебиеттер тізімі:**

1. Қазақстан бейнелеу өнері. XX ғасыр = Изобразительное искусство Казахстана. XX век: Фотоальбом / Текст К. В. Ли; Аударған Д. Т. Базарбаева; Фот. А. Н. Рипинский. - Алматы: Атамұра: Chevron Техасо, 2001. – 330;
2. Қазақ мәдениеті. «Х. Наурызбаев». Энциклопедиялық анықтамалық. Алматы: «Аруна Ltd.» ЖШС, 2005 ж.;
3. Н. Назарбаев: Ұлы даланың жеті қыры. 21.11.2018 ж. <https://egemen.kz/article/178090-nursultan-nazarbaev-uly-dalanyh-zheti-qyry> ;
4. Аязбеков Ж. «Хакимжан Наурызбаев – асқақ дарын, дара тұлға», мүсінші Т.Бинашевпен сұхбат. Қостанай қ.: «Қостанай таңы» газеті, 30.07.2014 ж., <http://kostanaytany.kz/archives/5062> ;
5. Амангелді Имановтың жерленген жері, Амангелді ауданы әкімдігінің ресми интернет ресурсы, 02.04.2018 ж. <http://amangeldy.kostanay.gov.kz/kz/kultura/turizm/amangeldi-imanov-beyitindegi-eskertkish-1959-zhyl/> ;
6. «Тарихи тұлғалар». Алматыкітап, 2006, Алматы облысы әкімдігінің ресми сайты <http://www.zhetysu.gov.kz>
7. Н. Бектемірова «Алаштың ардағы. Аңыз бен ақиқат. Тұрар Рысқұловтың сыйлығы» / «Жетісу» газеті, 16.11.2017, <http://7-su.kz/news/cat-5/1609/>
8. ЕлеуKENOVA, Г. Қазақстан бейнелеу өнерінің шеберлері Х. Наурызбаев. / Альбом. - Алма-Ата: «Өнер», 1987 ж.;
9. Х. Наурызбаев. Орталық мемлекеттік архив мұрағатынан. Алматы қ., тапсырыс күні 15.01.2019 ж.;

**Аннотация:** В статье рассматривается место творчества первого казахского профессионального скульптора Х.Е. Наурызбаева в искусстве скульптуры Казахстана. В соответствии с государственной программой «7 граней Великой степи» произведения Х.Е. Наурызбаева, являющиеся одними из первых монументальных памятников Казахстана, исследуются как наследие отечественного классического искусства. Установленные национальным деятелем и полузабытые монументальные памятники XX века анализируются с новой точки зрения глобализации в целях пропаганды истории для современного молодого поколения и зарубежных туристов. Также, затрагивается его вклад в становление и развитие отечественной высшей профессиональной школы скульптуры.

**Abstract:** The article considers the place of creativity of the first Kazakh professional sculptor H.E. Nauryzbaev in the art of sculpture in Kazakhstan. In accordance with the state program «7 faces of the Great Steppe», the works of Khakimzhan Nauryzbaev, which are one of the first monumental monuments of Kazakhstan, are investigated as a heritage of national classical art. The monuments of the twentieth century established by national figures and half-forgotten are analyzed from a new point of view of globalization in order to promote history for the modern young generation and foreign tourists. Also, his contribution to the formation and development of the national higher professional school of sculpture is analyzed.



Сурет № 1,  
Н. Алдабергенов бюсті,  
Алматы облысы,  
Ескелді ауданы,  
1959 ж., қола, гранит



Сурет № 2,  
Абай Құнанбаев ескерткіші,  
Алматы қ., 1960 ж., қола,  
гранит



Сурет № 3,  
Амангелді Иманов портреті,  
Қостанай облыстық тарихи-  
өлкетану мұражайы,  
1950 ж., гипс



Сурет № 4,  
Амангелді Иманов ескерткіші,  
Қостанай обл., Аманкелді ауд.,  
1960 ж., қола.



Сурет № 5,  
Жамбыл Жабаев ескерткіші,  
Тараз қ., 1963 ж., шойын,  
гранит



Сурет № 6,  
Шоқан Уәлиханов ескерткіші,  
Алматы қ., 1969 ж., қола, гранит



Сурет № 7,  
«Жамбыл Жабаев»  
бюсттік ескерткіші, Абай  
атындағы Опера және  
балет театры, Алматы қ.,  
1971 ж.



Сурет № 8,  
Мәншүк Мәметова  
ескерткіші,  
Орал қ., 1988 ж.



Сурет № 9,  
«Жас Жамбыл»  
Ә.Қастеев ат. МӨМ, Алматы  
қ., 1958 ж., қола



Сурет № 10,  
«Х.Е. Наурызбаев» бюсті,  
Қостанай қ., 2019 ж., қола